

Ленин

КК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және КК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 245
(6946)
1944 жыл
Жексенбі
10 декабрь
Жеке саны
20 тыйын

Ұлы Отан соғысында біз өз Отанымызды басқыншылардан сақтап қалдық, Советтер Одағының халықтарын құлдыққа түсірмек болған фашист сұрқыялардың қатерін бір-жолата жойдық, сөйтіп, қазір толық жеңіске жету қарсаңында отырмыз.

И. СТАЛИН.

ЖОҒАРЫ САПАЛЫ ТҰҚЫМ ҚОРЫН ЖАСАЙЫҚ

«Не ексең—соны орарсың» дейді халық мақалы. Егіс жеріне сапасыз тұқым себілсе, одан алынатын өнім де аз болады. Бұл—көктемгі егіске жоғары сапалы тұқым әзірлеу керек деген сөз.

Облысымыздың бірталай колхоздарында желесі жылдың көктемгі егісіне тұқым әзірлеу жұмысы ойдағыдай жүргізіліп жатыр. Кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың ел еңбекшілерінің қажырлы еңбегіне зор баға беруімен жігерленген колхозшылар өздерінің барлық күш-қайратын жоғары сапалы тұқым қорын жасау жұмысына жұмсауда. Мамлют ауданындағы «Красный орел», «Свободный труд», «Сталинец» және Каганович атындағы колхоздардың мүшелері тұқым мәселесіне ерекше назар аударып отыр. Бұл колхоздарда жеректі тұқым қоры толық күйіліп, тазартылды және өңістік сапаға жеткізілді.

Полудень ауданындағы «Новая жизнь» және «Стахановец» колхоздарында тұқымдық учаскелер дер кезінде жыйналып, бастырылды. Тұқым қызбайтын, көгермейтін, зиянды жөндіктер түспейтін жерде мұқият сақталуда. Осы аудандағы Калинин атындағы және Ворошилов атындағы колхоздарда көктемгі егіске сапалы тұқым қорын жасау ісі тыңғылықты ұйымдастырылды.

Облысымызда бұдан басқа да көптеген колхоздар көктемгі егіске осы бастан мол әрі шығымдылығы жөнінде сапалы тұқым әзірлеп алды.

Алайда істің жайы барлық жерде осындай деуге болмайды. Тұқым қую, тазалау және оны шығымдылық сапасына жеткізуде облысымыз тіпті артта қалып отыр. Бүгінгі күнге дейін 219100 центнер тұқым күйылса, мұның 33742 центнері ғана тазаланды. Ал, күйылған тұқымның шығымдылық сапасын байқау жұмысы әлі күнге дейін өрістетілмей келеді. Кейбір аудандардың басшылары, әсіресе Булаев және Октябрь аудандарының басшылары егін өнімін молайтудағы негізгі шараның бірі—тұқым мәселесін ұмыт қалдырды. Бұл аудандарда тұқым қорын қую жоспарының орындалмай отырғанын былай қойғанның өзінде, күйылған тұқымның ұқыпты сақталуы қамтамасыз етілмеді. Мәселен Октябрь ауданында күйылған 26.000 центнер тұқымның 930 центнері ғана тазартылды. Бұл ауданда әлі күнге дейін 2900 гектар тұқымдық учаске бастырылған жоқ. Тұқымдық учаскені бастыру жұмысы Булаев ауданында да ойсыраған олқылыққа ұшырады.

Ендігі жерде тұқым мәселесіне бұл сияқты жауапсыз қарауға тіпті төзуге болмайды. Отан мүддесі, майдан мүддесі егін мен мол өнім алуды талап етеді. Ал егіннен мол өнім алу тағдырын сапалы тұқым шешеді. Сондықтан егіс тұқымын осы бастан жеткілікті етіп, даярлап алу керек. Бұл үшін қолда бар мүмкіншілік толық пайдаланылатын болсын. Тұқым қую, оны тыңғылықты түрде тазартып, шығымдылығын тексеру, сөйтіп барлық егіс алаңы жоғары сапалы тұқыммен толық қамтамасыз ету—қазіргі кезеңдегі жауынгерлік міндет.

Совет Хабаршы бюросынан

8 ДЕКАБРЬДЕГІ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

8 декабрьде Венгрия жерінде БАЛАТОН көлі мен ДУНАЙ өзені аралығында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, 40тан аса елді жерлерді, оның ішінде ШАРАШД, ШАРТЕРЕСТУР, КАЛОЗ, АБА, ШОПОНЬЯ, ЧЕС, МЕЗОСЕНТДЬЕРДИ, ЛЕКШЕНЬ, БАЛАТОНФЕКАЯР үлкен қыстақтары мен ШАРАШД, АБА, ШАРТЕРЕСТУР, ТИШЧЕРИ, ЛЕКШЕНЬ темір жол станцияларын алды. Осы кезде БАЛАТОН көлі мен ДРАВА өзені аралығында шабуыл жасап бара жатқан әскерлеріміз 30дан аса елді жерлерді, оның ішінде САБАШ, НАДЬКОРПАД, РИНЫСЕНТ-КИРАЛЬ, БАДХАЗА, ШОМОДЬ-АРАЧЬ үлкен қыстақтарын алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

7 декабрьде әскерлеріміз немістердің 33 танкін қыратты жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен душпанның 3 самолёті атып түсірілді.

Венгрияда Балатон көлі мен Дунай өзенінің аралығында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Душпан күншілгері әзірленген қорғану шебіне сүйеніп, қатты қарсылық көрсетті. Н. құрамасының бөлімдері ойдағыдай әдіс жасап, душпанның қорғану шебіне сыналап өтті де Шарахд темір жол торабын алды. Балатон көлінің жағалауында әскерлеріміз немістерді Лекшенъ темір жол торабынан қуып шығарды. Бұл станцияда душпаннан жүк тиеген 80 вагон және соғыс складтары қолға түсірілді. Совет бөлімдері табысты дамыта отырып, Венгрияның ірі қаласы Секешфехервар қаласының оңтүстік батыс жағында 23 километр жердегі Балатонфекаяр үлкен қыстағын алды.

Балатон көлі мен Драва өзенінің аралығында душпан әскерлеріміздің алға басуын тоқтатуға тырысып, 20дан аға қарсы атака жасады. Совет бөлімдері немістердің барлық қарсы атакаларын ойдағыдай тойтарып, жауға қарсы соққы берді. Сөйтіп 30дан аса елді жерлерді алды. Бір күнгі ұрыстарда 1500лей гитлершілдер жойылды. Немістерден 3 танк, 1 самолет, 22 зеңбірек тағы басқа олжа қолға түсірілді. Немістердің және венгрлердің 300 солдатты мен офицері қолға түсірілді.

Иелгава (Митава) қаласының батыс жағында душпанның бір батальондай жаяу әскерлері артиллериясының және минометтерінің оқ жаудыруының көмегімен бекінісімізге шабуыл жасады. Ұрыс шиеленісті, бұл ұрыстың нәтижесінде немістер қуылып тасталды. Бекіністеріміздің алдында жаудың 200лей өлігі қалды. Совет жауынгерлері душпаннан станокті 3 пулемет және адамдар қолға түсірді.

1-Украин майданында барлау жүргізілді және душпанмен екі арада артиллерия атысы болып тұрды. Советтер Одағының Батыры старшина Бережнийдің зеңбірек рәсметі жаудың бекінісіне оқ жаудырып, оның бірнеше атыс бекінісінің үнін өшірді және бір взвод немістерді тұтқындатты. Аға сержант Димченконың басқаруындағы бір топ саперлеріміз миналар қойылған алаңнан өтіп, немістердің траншеяларына басып кірді де оларға гранаталар лақтырды. Совет саперлері 12 гитлершілді өлтіріп, өз бөлімдеріне шығынсыз қайтып келді.

И. В. Сталин Франция үкметінің басшысы генерал де Голльмен әңгімелесті

8 декабрьде ССРО Халық Комиссарлары Советінің Председателі И. В. Сталин Франция Республикасының Уақытша Үкметінің Председателі генерал де Голльмен әңгімелесті.

Әңгімеде ССРО Сыртқы Істер Халық

Қызылтулы Балтық флотының кемелері Балтық теңізінде немістердің 19.000 тонналық 2 транспортын суға батырды.

Венгрияда, Дунай өзені бойында полк командирі полковник Батайдың басқаруымен венгрлердің 51-жаяу әскер полкі түгел Қызыл Армия жағына шықты. 29 офицер мен 1390 солдат қолға берілді. Полк өзінің қаруын, жарақ-жабдығын, керуені мен асханасын әскерлерімізге тапсырды. Қолға түсірілген полковник Батай мынаны мәлімдеді: «Қорғану шебіне орналасу жөнінде бұйрық алғаннан кейін офицерлерді мәслихат өткізуге жыйнадым. Пікір алысқаннан кейін біз мағнасыз қарсылықты тоқтатып, бүкіл полк болып қолға берілуге уйғардық».

Венгрлердің 25-жаяу әскер дивизиясының 26-полкындағы 3-батальонның қолға түсірілген командирі подполковник Енэ Петелени мынаны айтты: «Қоршаудан шығу үшін әрекет жасап жүріп, штаб қызметкерлерімен бірге мен қолға түстім. Мен батальонды сентябрьдің бас кезінде қабылдаған едім. Ол кезде онда 500лей адам бар еді. Алғашқы ұрыстардың өзінде батальон орасан көп шығынға ұшырады. Орыс әскерлері Венгрияның ең ірі қалаларын алған кезде солдаттар мен офицерлердің ең сесі түсті. Біз жағдайымыздың мүшкіл екендігін білдік».

Венгрлердің 2-таулық атқыштар бригадасының 13-шекаралық батальонындағы 1-рота взводының қолға түсірілген командирі Имре Бихари мынаны айтты: «Біз алдыңғы шепке келгенде 2-бригаданың командирі біздің алдымызда сөз сөйледі. Ол мынаны айтты: «сеңдерге үйретілген адамдар келді, тау ішінде соғыса білесіңдер. Кімде кім зытса, оны өз қолыммен атымын...» Ұрыстарда батальонымыз талқандалды. Онда небары 60 адам қалды. Командир бізді тылға алып келді. Батальон талқандалған түрлі бөлімдерден толықтыру алды. Кешікпей бізді тағы да майданға жөнелтті. Майданда біз өзімізге таныс көріністі көрдік. Әскер бөлімдері қоршауда қалудан үрейленіп, тозғындай кері шегінді. Түнде бізге орыстар атака жасады. Біз бұдан әрі немістер үшін құрбан болғымыз келмей, бүкіл бөлімше болып қолға берілдік».

АСТЫҚ—ЖЕҢІСІМІЗДІҢ КҮШТІ ҚҰРАЛЫ

Жастардың сыйы

Ленин ауданындағы «Булақ» колхозында жеңіс қорына жеке меншіктен астық тапсыру жұмысы—барлығы майдан үшін, барлығы жеңісіміз үшін деген уранмен өткізілді. Колхоз председателі А. Нұрғалиев жолдас өзінің жеке меншігінен жеңіс қорына 8 пұт астық тапсырып, колхозшыларға үлгі көрсетті. Колхозшы Бисақов, Ешпенов, Жолбеков және Нұрмұқанов жолдастар Қызыл Армияның астық қорын молайта беру күресіне белсене қатынасты. Бұл колхоздың колхозшылары өздерінің жеке меншіктерінен жеңіс қорына 92 пұт астық тапсырды.

Колхозшылардың жеке меншігінен Қызыл Армия қорына астық тапсыруға жаршы болған Совет ауданындағы Киров атындағы колхоз мүшелерінің үндеуін Жамбыл атындағы колхоздың мүшелері зор өрлеумен қарсы алды. Олар кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың зор баға беруімен жігерленіп, 45 пұт астық берді. Тракторшы Әлжанова жолдас жеңіс қорына 5 пұт, комбайншы Серотин жолдас 3 пұт астық берді. Отан соғысының мүгедегі Қожабергенов жолдас еңбектен тапқан астығының 2 пұтын майдандас достарына беретіндігін білдірді.

Колхозшылардың жеке меншігінен жеңіс қорына астық тапсыру жұмысы «Искра» колхозында зор өрлеумен өтті. Бұл колхоздың колхозшылары батыр Қызыл Армия қорына 36 пұт астық, 96 пұт картоф және 4 пұт сарымсақ тапсырды. Ворошилов атындағы колхоздың мүшелері жеңіс қорына бір күнде ғана 26 пұт астық жыйнады.

Ауданның комсомол мүшелері мен жастары кировшілердің үндеуіне жауап ретінде өздерінің жеке меншіктерінен жеңіс қорына астық тапсыру жұмысын күш сапалы өрістетуде. Әсіресе «Заря востока», «Красный партизан» және Аманкелді атындағы колхоздардың комсомол мүшелері мен жастары жеңіс қорына үлес қосып, колхозшыларға үлгі көрсетуде. Бұл колхоздардың комсомол мүшелері мен жастары жеңіс қорына алғашқы күндердің өзінде 71 пұт астық өткізді.

А. БУГАЕВ.

КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Октябрь ауданындағы «Көктерек» ауыл шаруашылық артелі (председателі Конябаев жолдас) мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындады, сөйтіп дайындау орындарына 5904 пұт астық тапсырды. Колхозшылар мұнымен тынбай, өздерінің жеке меншіктерінен Қызыл Армия қорына мол астық тапсырып жатыр.

Кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың ел еңбекшілерінің еңбегіне зор баға беруі колхозшылар арасында өндірістік зор өрлеу туғызды. Олар қазір көктемге әзірлік жұмысын қызу қолға алды. Егін даласындағы барлық құрал-саймандар және ауыл шаруашылық машиналары ұста дүкеніне жеткізілді. Мұнымен бірге, 393 центнер тұқым күйіліп, ол тазартыла бастады.

М. ТӘЛІДОВ.

Павлодар облыстық партия комитетінің кезектен тыс XV пленумы

Павлодар облысының басшылары 15 ноябрьге дейін Қызыл Армия қорына астық дайындаудың жылдық жоспарынан тыс 130 мың пұт астық тапсыруға міндеттенген болатын. Алайда олар бұл міндеттемені орындаудың қамтамасыз ету былай тұрсын, астық дайындаудың негізгі жоспарының орындалуында өрескел олқылыққа ұшыратты. 15 ноябрьге дейін облыс колхоздары астық тапсыру жоспарын небары 60 процент ғана орындады. Астық тапсыру жөнінде 434 колхоздың 78 ғана мемлекетпен толық есеп айырысты.

Әресе астық дайындауда артта қалған аудандар мен колхоздарда астық үшін күресті күшейту орнына, облыстық партия комитеті мен көптеген аудандық партия комитеттерінің қызметкерлері астық дайындауға қарсы кертартпалық пиғылға салынды, астық дайындауды өрескел олқылыққа ұшыратып отырғандығынан ақталу мақсатында әртүрлі есеп шығарумен шұғылданды. Павлодар облыстық партия комитеті және оның бірінші секретарі Куликов жолдас облыс партия ұйымын астық тапсыру жөнінде алған міндеттемені орындау ісіне жұмылдырмады, сөйтіп астық дайындау жұмысын жүргізуде колхоздардың партия, комсомол ұйымдарының ролін мүлде кемітті. Міне сондықтан да көптеген колхоздарда партия, комсомол ұйымдары астық дайындау ісінен аулақ қалды.

Астық дайындауды олқылыққа ұшыратқаны, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс астық тапсыру жөнінде алған міндеттемені орындамағаны үшін, астық дайындау ісіне басшылық жасауда елеулі кемшіліктер істегені үшін, сол сияқты тәртіпсіздік істегені үшін, ҚК(б)П Орталық Комитетінің бюросы Куликов жолдас облыстық партия комитеті бірінші секретарінің қызметінен алып, ҚК(б)П Павлодар облыстық комитеті бюросының барлық басқа мүшелеріне астық дайындау жоспарының және Қызыл Армия қорына жоспардан тыс астық тапсыру жөніндегі міндеттеменің сөзсіз орындалуына олардың тікелей жауапты екендігін ескертті.

Осыған байланысты, 29—30 ноябрьде, ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретарі Н. А. Сковорцов жолдас астық тапсырумен Павлодар облыстық партия комитетінің кезектен тыс XV пленумы болып өтті. ҚК(б)П Орталық Комитетінің 18 ноябрьдегі қаулысын жүзеге асыру туралы облыстық партия комитетінің екінші секретарі Лешев жолдас баяндама жасады.

—ҚК(б)П Орталық Комитеті өзінің 18 ноябрьдегі қаулысында Павлодар облыстық партия комитетінің астық дайындау ісіне басшылық жасаудағы елеулі қателіктері мен кемшіліктерінің бетін ашты, — деді баяндамашы. Обком бюросы және оның бірінші секретарі Куликов жолдас облыстық бүкіл партия ұйымын, совет активі мен барлық колхозшыларын астық дайындау жоспарын әрбір колхоз бен совхоздың сөзсіз орындауы ісіне жұмылдыра білмеді.

Мұнымен қатар баяндамашы, ҚК(б)П Орталық Комитетінің 18 ноябрьдегі қаулысынан облыстық комитет пен көптеген аудандық партия комитеттерінің өздері үшін тиісті қорытынды жасамағандығын, оны орындау үшін жігер жұмсап, күрес жүргізбегендігін мойындады. Облысты бүтіндей алғанда 25 ноябрьге дейін астық дайындау жоспары 69,2 процент ғана орындалды. Дайындау орындарына астық тапсыру графигі орындалмай келеді. Астық тапсыру жөнінде ноябрьдің 20-нан 25-не дейінгі бескүндікте тағайындалған тапсырма облыста 44,3 процент ғана орындалды. Істің жәйі әресе мына аудандарда кешіргісіз жағдайда болып отыр: Цюрупин ауданы соңғы бескүндікте мемлекетке астық тапсыру графигін 8,5 процент, Куйбышев ауданы—3 процент, Бескарағай ауданы—19 процент, Максим Горький ауданы—26 процент, Галкин ауданы—52 процент, Лозовский ауданы—32 процент ғана орындады.

Пленумда Лозовский аудандық партия комитетінің секретарі Жексенбинов, Цюрупин аудандық партия комитетінің секретарі Лосивский, Михайлов аудандық комитетінің секретарі Бердігулов жолдас баяндама жасады. Олардың сөзінен астық тапсырудың хауыпқа ұшырағандығы, әрбір колхоздың астық тапсыру жөнінде мемлекет алдындағы міндеттемені орындау үшін большевикше күрес жүргізуге жұмылу сезімі көрінбеді. Аудандық комитет секретарларының сөзінен көптеген аудандарда жұмыста үзіліс болғандығы көрінді. Бірақ олар бұдан бұрын облыстық комитет бюросында мәлімдегендей астықты бұдан әрі дайындауға мүмкіншілік жоқ деп дәлелдеуге тырысты. Дегенмен олар

жұмысына шеберлікпен ұйымдастырған күнде колхоздардың мемлекет алдындағы берешегін тек өтеп ғана қоймай, сонымен қатар, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс едәуір мөлшерде астық тапсыра алатындығы айқын болды.

Пленумда ҚК(б)П Павлодар аудандық комитетінің секретарі Смирнов, Куйбышев аудандық комитетінің секретарі Садықов, Галкин аудандық комитетінің секретарі Нұрмағамбетов, Бескарағай аудандық комитетінің секретарі Чичканов, Максим Горький аудандық комитетінің секретарі Миронов жолдас сөз сөйледі. Тұрсын айтқанда, бұлардың сөзінің де бұдан бұрын сөз сөйлеген аудан басшыларының сөзінен айырмашылығы аз болды.

ҚК(б)П обкомінің үгіт-насихат жөніндегі секретарі Принцев жолдас өзінің түйінсіз ұзақ сөзінде астық дайындау кезінде әзі өткізген мәслихаттар мен мәжілістер жөнінде баяндады. Облыс колхоздары мен совхоздарының көпшілігінде көпшілік-саясат жұмысының жүргізілмегендігін, астық дайындауға мұның сөзсіз әсерін тигізгендігін мойындай келіп, Принцев жолдас бұл жөнінде басқаларды кінәлады. Өз бағының қателіктерін, астық дайындау жұмысын жүргізуге селсеқ қатысқандығын ашып айтуда оның батылы бармады.

Павлодар ауданында астық дайындау жұмысын жүргізу облыстық комитеттің бюро мүшесі Принцев жолдас астық тапсыруға жауапкершілігіне жүктелген болатын. Ол бір жарым айдың ішінде бұл ауданның бір де-бір колхозында болмаған. Бұдан кейін, обком бюросы астық дайындауды күшейту үшін Принцевке Максим Горький ауданына баруды жүктеген. Ол бұл ауданға ықпалсыз барған және ауданның партия ұйымын астық үшін күреске жұмылдыру, колхозшылар арасында көпшілік-саясат жұмысын жолға қою орнына, Принцев бұл ауданда астық дайындаудың олқылыққа ұшырағандығы жөнінде облыстық комитет алдында ақталуға тырысқан. Астық үшін большевикше күрес жүргізу қолынан келмейді деп тауып, Принцевті Максим Горький ауданына қайтадан шақырып алып, ҚК(б)П обкомінің бюросы өте дұрыс істеді.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары Белый жолдас пленумда облыстық партия комитеті мен облыстық совет аткомінің, көптеген аудандық комитеттер мен аудандық атқару комитеттерінің астық дайындау ісіне басшылық жасаудағы кемшіліктерін айтып, сынай сөз сөйледі.

—Соңғы жылдары Павлодар облысында, — деді Белый жолдас, — мемлекетті алдаудың мынадай бір әдеті етек алған. Бұл облыста егін жыйнау басталар алдында егіннің молдығы жөнінде даурықпалы дүмкен көтеріледі. Мемлекетке астық тапсыру мерзімі туғанда, думан басыла қалады. Егіннің шықпай қалғанына қынжылушылық басталады, көптеген колхоздар әртүрлі бөгде себептерге сүйеніп, мемлекетке астық тапсырудан құтылғысы келеді, облыс пен көптеген аудандардың басшылары, партия және комсомол ұйымдары, совет орындары мемлекетке қарсы осындай пиғылға салынушыларға қарсы күресті нашар жүргізді.

Лебяжі партия ұйымының жүргізген ісі астық дайындау жоспарын орындау жолында тыңғылықты күрес жүргізудің үлгісі болып саналады. Бұл ауданның колхоздары астық тапсыру жөнінде мемлекет пен мерзімінен бұрын есеп айырысып, Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 12300 пұт астық тапсыруға міндеттенді. Олар дайындау орындарына 13614 пұт астық, оның ішінде колхозшылардың жеке меншігінен 2517 пұт астық өткізді. Лебяжі аудандық партия ұйымы ҚК(б)П Орталық Комитетінің 18 ноябрьдегі қаулысын талқылап, колхозшылармен келісіп, Қызыл Армия қорына қосымша 5300 пұт астық тапсыруды ұйғарды. Сөйтіп қазіргі өзінде 2832 пұт астық тапсырды. Алайда, Лебяжі ауданы колхозшыларының тәжірибесі басқа аудандардың игілігіне айналдырылмаған.

Пленумда ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретарі Сковорцов жолдас сөз сөйледі.

Өзінің сөзінде ол қазіргі астық дайындаудың соғыс-шаруашылық маңызын талдап түсіндіріп, Павлодар партия ұйымына ҚК(б)П Орталық Комитетінің көңіл бөліп, көмектесіп отырғандығын пленум мүшелерінің есіне салды. ҚК(б)П Орталық Комитеті Павлодар облыстық комитетіне астық дайындау жұмысын жүргізудегі жайбарақаттың кешіргісіз екендігі туралы әлденеше рет ескертті, астық дайындау жоспарын сөзсіз орындау ісін ұйымдастырып, батыл күрес жүргізуді қатты талап еткен

болатын. Алайда облыс басшылары жоғарғы басшы партия орындарының нұсқауына атүсті қарады. Бұл астық дайындау жұмысының олқылыққа ұшырауына әкеліп соқты.

Павлодар облысында астық дайындаудың өрескел олқылыққа ұшырауының негізгі себептерін айта келіп, Н. А. Сковорцов жолдас былай деді:

—Павлодар облысының басшылары 1944 жылғы астық дайындаудың ерекше маңызы бар екендігін өздері жете ұғынбай, әрбір коммунистке, комсомол мүшесіне, әрбір совет активіне түсіндірмеді. Еліміз бен майданды астықпен үздіксіз жабдықтаудағы тікелей жауапкершілікті сезбеушілік осыдан туып отыр. Астық дайындау жоспарын орындауға ең алдымен жауап беретін басшы қызметкерлердің едәуір бөдегі арасында тәртіпсіздік, бетімен кетушілік, мемлекетті алдау, көз бояушылық, астық дайындау жөніндегі нақтылы шараларды орындамаушылық орын тепкен. Міне осының бәрі жоғарғы басшы партия орындарының нұсқауларында әлденеше рет атап көрсетілген болатын.

Н. А. Сковорцов жолдас Павлодар облыстық партия комитеті мен көптеген аудандық партия комитеттері басшыларының түкке тұрмайтын іс әлісін, колхоздардың бастауыш партия ұйымдарынан және колхозшылар бұхарасынан қол үзгендігін, партия ұйымдарының көптеген қызметкерлерінің колхоздардағы істің анық жәйін білмейтіндігін қатты сынға алды. Көптеген колхоз партия ұйымдары астық дайындау жұмысын жүргізу күресіне белсене қатысудан сырт қалды.

Аса маңызды мемлекеттік міндеттердің ойдағыдай орындалуы үшін партия ұйымдарының дұрыс басшылық, күнбе-күнгі бақылау жасап, көмектесуі шешеді. Партия ұйымдарының астық дайындауға басшылығы туралы айта келіп, Н. А. Сковорцов жолдас мынаны атап көрсетті:

—Партия орындарының астық дайындау ісіне басшылығының негізі—коммунистердің, тылдың барлық қызметкерлерінің пеміс басқыншыларға қарсы күресте өздерінің алатын орын дұрыс түсінуіне жетісу, партия мен үкіметтің астық дайындау мәселесі жөніндегі қарарларын орындау ісін дұрыс ұйымдастыру, алға қойылған міндетті орындау жолында іскерлік көрсете білу болып саналады. Партия қызметкерлері тәртіпті болуға, партияның әрбір нұсқауын мүлтіксіз жүзеге асырушы болуға тиіс. Бұл нұсқаудың маңызына жете түсініп, партияның ұстаған жолымен оның қандай байланысы бар екенін ұғына білуге тиіс.

Н. А. Сковорцов жолдас жұмыста артта қалған колхоздарды озаттардың қатарына қосудың қажет екендігіне пленум мүшелерінің ерекше назарын аударды.

—Павлодар облысында, — деді Сковорцов жолдас, — астық тапсыру жөнінде 85 колхоз ғана мемлекетпен есеп айырысты, ал

қалған колхоздар бүгінгі күнге дейін мемлекетке бересілі болып отыр. Егер облыстық, аудандық партия комитеттері, облыстық бүкіл партия ұйымы астық дайындау жоспарының орындалуы үшін шын мәнінде күрес жүргізгісі келсе, олар артта қалған колхоздармен тыңғылықты шұғылдануға міндетті. Әрине, мұндай колхоздармен шұғылдану қиын, өйткені бұл колхоздарда мемлекеттік тәртіп бекет, бұларда астық дайындауға қарсы пиғыл күштірек. Алайда большевиктер қиыншылықтан табылауға тиіс. Осындай колхоздарға бару, олардың мемлекет алдындағы міндеттемені орындауына жетісу керек.

Н. А. Сковорцов жолдас астық дайындаудағы қиыншылыққа кездескенде дәрменсіздікке салынатын кейбір облыстық және аудандық қызметкерлерді сынға алды.

—Қазір көптеген қызметкерлер, — дейді Сковорцов жолдас, — астық дайындаудың қиыншылығын айтып қынжылады, кейбір басшылар дайындау орындарына астық өткізудің мүлде тоқтап қалғандығын көріп, онжырғасы түседі, астықты қайдан аламыз, шығатын жерін айтыңызшы деп сұрайды.

Бұл сұраққа ең алдымен колхоздардың басшылары, колхозшылардың өздері жауап беруге тиіс. Егер басшылар мемлекет пен майдан алдындағы жауапкершілік сезімін жоймаған болса, онда олар мемлекетпен толық есеп айырысу үшін колхозшылармен бірлесе отырып астық қорын таба алады. Қазір партия ұйымдарының міндеті—барлық колхозшыларды астық дайындау жұмысына белсене қатыстыра білу, оларды мемлекет алдындағы міндеттемені мүлтіксіз орындауға тікелей жауапты екендігі сезімінде тәрбиелей білу болып саналады.

—Партиямыз, еліміз бен майдан бізден астық талап етеді. Жауды біржолата жеңіп шығу үшін астық керек. Сондықтан еліміз бен майданға астықты қанша қажет болса сонша беруге міндеттіміз. Қазіргі негізгі міндет осы.

Обком пленумы мұнымен қатар, облыстық совет аткомі председателінің орынбасары Маршинин жолдас астық картоф және овощ дайындау жұмысының барысы туралы баяндамасын талқылады. Баяндамашы және жарыс сөзге шыққан жолдас астық шаруашылығының бұл сияқты маңызды өнімдерін дайындау ісін өткізуде болған елеулі кемшіліктерді атап көрсетті.

Пленум қабылдаған қаулыда астық, картоф және овощ дайындау жоспарларын орындау жөнінде нақтылы шаралар белгіледі.

Пленум Куликов жолдас астық ҚК(б)П обкомінің бірінші секретарі міндетінен бастап, оны бюро мүшелері мен обкомнің пленум мүшелері қатарынан шығарды.

ҚК(б)П Павлодар облыстық комитетінің бірінші секретарі болып Ивандаев жолдас сайланды.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінде

Облыстар мен аудандардың егіннен мол өнім алу, ауыл шаруашылық егістерін жыйнау, пар жырту, күзгі егіс егу және зяб жырту жөніндегі социалистік жарысының қортындысын қарап, Халық Комиссарлары Советі мынадай қаулы алды.

1. Облыстардың 1944 жылғы ауыл шаруашылық егістерін жыйнау, пар жырту, күзгі егіс егу және зяб жырту жөніндегі социалистік жарысында үздік шықты деп танылып, Қарағанды облысына Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің ауыспалы Қызыл туы берілсін. Бұл облыс егін жыйнау жоспарын қысқа мерзім ішінде 100 процент, астық дайындау жоспарын барлық түрінен 120,3 процент, МТС жұмысы үшін заттай ақы төлеу жоспарын 120,6 процент, трактормен істелетін жұмыс жоспарын 103,5 процент, пар жырту жоспарын 100,3 процент, күзгі егіс жоспарын 97,5 процент орындады.

Қарағанды облыстық совет аткоміне ауыл шаруашылығы озаттарының сүлетін өткізу және оларға сыйлық беру үшін облыстық бюджет есебінен 30.000 сом жұмсауға рұқсат етілсін.

2. Егіннен мол өнім алу үшін күресте социалистік жарыста көрнекті нәтижелерге жеткені үшін Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің ауыспалы Қызыл туы:

Ақмола облысының Ақмола ауданында, Қарағанды облысының Осокаров ауданында қалдырылсын.

3. Аудандардың егін жыйнау, пар жырту, күзгі егіс егу және зяб жырту жөніндегі социалистік жарысында үздік табыстарға жеткені үшін Оңтүстік Қазақстан облысының Ильич ауданына, Қызылорда облысының Шиелі ауданына Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің ауыспалы Қызыл туы берілсін.

4. Социалистік жарыстың белгіленген шартын орындамағаны үшін Ақмола облысына, Оңтүстік Қазақстан облысының Киров ауданынан, Көкшетау облысының Шұғыл ауданынан Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің ауыспалы Қызыл туы қайтып алынсын.

5. Жамбыл облысындағы Шу ауданының, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Фрунзе ауданының, Алматы облысындағы Алматы селендік ауданының, Талдықорған облысындағы Қаратал ауданының 1944-ауыл шаруашылық жылында егіннен мол өнім алу жолындағы күресте жұмысты жақсы істегендігі атап көрсетілсін.

(Қаз.ТАГ).

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.